



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 13 маусым

### "Мәскеу Биржасы" ЖАҚ-қа қатысты санкциялар енгізумен байланысты жағдай туралы

OFAC (Office of Foreign Assets Control, АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы) тарапынан "Мәскеу биржасы" ЖАҚ (бұдан әрі – MOEX), ресейлік Ұлттық клиринг орталығы (ҰКО) және ресейлік Ұлттық есеп айырысу депозитарийіне қатысты енгізілген санкциялар туралы ақпараттың жариялануына байланысты Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – KASE) келесіні хабарлайды.

2024 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша MOEX-ке KASE орналастырылған акцияларының 13,1% тиесілі.

OFAC шығарған 14024 атқарушылық жарлығына сәйкес, тұлғаның SDN тізімінде болуы акцияларының/үлестерінің 50%-ы және одан көп көлемі тікелей немесе жанама түрде SDN List тізіміндегі тұлға тарапынан жеке немесе басқа санкциялық тұлғалармен бірлесіп бақыланатын тұлғаларға қатысты бұғаттау санкцияларын қолдану қаупін көздейді.

KASE аталған тұлғаларға жатпайды және шектеулер Биржаның және KASE клиринг орталығының қызметіне әсер етпейді. Осыған байланысты Қазақстан қор биржасы мен KASE клиринг орталығы жұмысын штаттық режимде жалғастырады. Сауда-саттық, клиринг және есеп айырысулар стандартты регламентке сәйкес жүргізілетін болады.

KASE санкциялық шектеулерді ескере отырып, MOEX-пен іскерлік қатынастарды жалғастыруды қарастырады.

#### Анықтама үшін:

KASE Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері Биржаларының халықаралық қауымдастығы (ТМД БХҚ), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты Қор Биржалары" - Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

**Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.**